

«6D020300-Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Карибаев Максат Сериковичтің «Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттар: күнделікті тарихы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ШКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасының «Көші-қон туралы» заңына, Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының тұжырымдамаларының бағыттарына және тәуелсіздік алған жылдардан, қазіргі кезеңге дейінгі репатрианттарды елге қоныстандыру үрдісіне байланысты шығарылған мемлекеттік бағдарламалардың бағытына толықтай сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің көші-қон саласындағы нормативтік-құқықтық актілері мен жарлықтары, ҚР «Халықтың көші-қоны туралы» заңы, Қазақстан Республикасының Президентінің халыққа жолдаулары, заңнамалық актілер негізінде құрылған. Сол сияқты диссертация ҚР көші-қон саясатының Тұжырымдамасына (2000 ж. 5 қыркүйек), ҚР көші-қон саясатының 2001-2010 ж.ж. арналған салалық Бағдарламасына(2001 ж. 29 қазан), 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасына, Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2007 - 2015 жылдарға арналған тұжырымдамасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясына және Қазақстан Республикасы Президентінің Ауылдық аумақтарды дамытудың 2004 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес әзірленген.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының төмендегідей басым бағытына сәйкес орындалған:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Білім және ғылым саласындағы зерттеулер; - Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер.

		3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу барысында қол жеткен ғылыми-практикалық маңызы және нәтижелері ғылымға елеулі үлесін қосады. Диссертациялық жұмыста, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап елде орын алған репатриация үдерісіне, репатриант ұғымының өзіне шетелдік және отандық гуманитарлық ғылымдар бағытындағы ғалымдардың еңбектерін басшылыққа ала отырып кешенді түрде зерттеу жүргізілген. Зерттеу тақырыбы толық ашылған. Қазақстан Республикасының репатриация саясаты, мемлекеттік бағдарламалар кең көлемде талқылынып жан-жақты қарастырылған. Шығыс Қазақстандағы қандастардың қоныстандыру көрсеткіштері талданған. Зерттеуде елге қоныс аударған қандастардың күнделікті өмірге психологиялық бейімделу дәрежелерін, әлеуметтік-экономикалық жағдайларын анықтай отыра, аймақ көлемінде жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелерін талдау негізінде, этникалық репатрианттарды қабылдаушы қоғамдағы кірігу үрдісі және күнделікті жағдайдағы коммуникациялық стратегиялар анықталған. Елге оралған қандастардың қоғамға кірігуі мен олардың облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестерінің талдануы диссертациялық жұмыстың ұтымды жағы болып табылады. Этникалық репатрианттардың әлеуметтік-мәдени тұрмысы да зерттеліп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталған. Сауалнамалар мен сұхбаттар арқылы қандастардың әлеуметтік-мәдени бейімделулері және қоғамға интеграциялануларының шарттары айқындалған. БҰҰ Даму Бағдарламасы аясында Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығының Шығыс Қазақстанда жүргізілген жұмыс нәтижелері негізінде, зерттеуші өңірдегі қандастар тығыз шоғырланған аудандар мен қалаларда, олардың қоғамдық ортаға бейімделуі мен кіріктірілуіне жәрдемдесу, әлеуметтік-экономикалық қолдау, заңнамалық кеңес беру сияқты қызметтерге салыстырмалы талдау жүргізген. Қандас

			жастардың әлеуметтік-мәдени бейімделу мәселелері бойынша мемлекеттік жастар саясатын іске асырырылуы да зерттеуде біршама қарастырылған. Оларды талдау нәтижесінде өзекті мәселелер көрсетіліп және шешу жолдары айқындалған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Ғылыми жұмыстың өзіндік орындау деңгейі жоғары. Шығыс Қазақстанда тұратын репатрианттардың күнделікті өмір тарихы мен олардың қоғамға әлеуметтік-экономикалық тұрғысанан бейімделуін зерттеу барысында олармен арнайы сауалнамалар мен еркін сұхбаттар жүргізілген. Алынған материалдар еңбекте кеңінен берілген. Шығыс Қазақстанда ұлттық және халықаралық бағдарламаларды іске асыру бойынша, 2009-2016 жылдары облыста Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы аясында Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығының жүргізген жұмыс нәтижелері ғылыми айналымға енгізілген. Моңғол Ұлысының Баянөлгей қаласында тұратын қандастардың миграциялық көңіл-күйлерін анықтау мақсатында «face to face» әдісімен далалық зерттеу жұмысы жүргізілген. Жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріндегі оқитын репатриант жастардың қоғамдық ортаға кроссмәдени бейімделуінің ерекшеліктерін анықтау мақсатында олармен арнайы сауалнама жүргізілген және алынған нәтиже ғылыми айналымға енгізілген. Сондықтан зерттеу жұмысының нәтижелері теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып саналады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі қазіргі таңдағы репатриация саясатымен тікелей байланысты. Репатрианттардың Қазақстан қоғамына бейімделу мәселелерін тарихи негізде жан-жақты зерттеу қажеттілігі бүгінде тек республика көлемінде ғана емес, жекелеген аймақтық деңгейде де өзекті. Шығыс Қазақстанның күрделі табиғи-климаттық жағдайындағы қандастардың күнделікті өмір тарихы, олардың әлеуметтік бейімделуіне өңірдің өнеркәсіптік және этно-мәдени факторының әсері, қабылдаушы қоғамға кірігуі әлі де терең және егжей-тегжейлі талдаудың зерттеу маңыздылығы көрсетілген. Диссертацияның өзектілігі негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды;	Диссертациялық жұмыс тақырыбының көкейкестілігі жан-жақты ашылған. Шығыс Қазақстан аумағына қоныстанған репатрианттардың көші-қон мәселелері және олардың әлеуметтік-экономикалық, этно-

		<p>2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>мәдени тұрғыдан қоғамдық ортаға бейімделуі үрдістерінің күнделікті өмір тарихы айқындалған. Диссертацияның ғылыми нәтижелері және жасалған тұжырымдары, алға қойылған мақсаты мен міндеттері зерттеудің ғылыми мазмұнының сәйкестігімен сипатталады.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу тақырыбының мақсаты Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттардың күнделікті өмір тарихын зерттеу. Диссертацияның ұсынылған материалдары және алынған нәтижелер қойылған болжамды растап, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге бағытталған.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері толық байланысқан, ішкі бірлікке ие, қол жеткізген ғылыми нәтижелерге жан-жақты зерттеу жасалынған. Диссертациялық зерттеудің негізгі мазмұны толық ашылған және зерттеуде қойылған мақсат-міндет орындалған. Докторант зерттеу тақырыбын ашу барысында қазіргі заманғы әлеуметтанулық, тарихи салыстырмалы әдістерді тиімді қолдана отырып жан-жақты ғылыми талдау жасаған. Шығыс аймағына қоныстанушы репатриант азаматтардың сандық көрсеткішінің басым бағытқа ие болуын негізге ала отырып, статистикалық тұрғыдан нақты анықтама берген. Репатрианттардың қоғамдық ортаға бейімделуі жолындағы олардың күнделікті тарихына талдау жұмыстары жасалған.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертация жазу кезінде сыни талдау жүргізілген. Диссертациялық жұмыста диаспора, репатриация саласында зерттелген ғалымдардың еңбектері мен диссертациялық жұмыстарға талдау жұмыстары жүргізілген. Күнделікті өмір тарихын зерттейтін ғалымдардың еңбектерін негізге алған. Мұрағат құжаттарындағы материалдар мен санақ агентігінің материалдарына сүйенілген. Көші-қон саласындағы заңнамалар мен мемлекеттік бағдарламалар талданып берілген. Тарихи үрдістегі құбылыстарды зерттейтін тарихилық қағидасына және ғылыми талдаудың объективтілігіне негізделген. Зерттеу жұмысы әлеуметтік-мәдени бейімделуге талдау салыстырмалы, тарихи-генетикалық, тарихи-типологиялық талдау әдістерді қолдану арқылы</p>

			жүргізілген. Зерттеу жұмысы барысында арнайы әзірлеген сұрақтармен сауалнама жүргізу, сұхбат алу, өмірбаяндық еркін сұхбат әдістері де қолданылған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен қағидаттары негізінен жаңа болып табылады.</p> <p>– Қазақстан Республикасының репатриация саясатындағы мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына жүйелі талдау жүргізілген. Бұл жартылай ғылыми жаңалық бола алады.</p> <p>– Репатрианттардың тарихи отанына оралу динамикасы және олардың республика көлемінде ораналасуы сандық және сапалық көрсеткіштері тұрғысынан зерттелген. Жартылай ғылыми жаңалық бола алады.</p> <p>– Шығыс Қазақстанның әр түрлі өңірлеріндегі ұлттық құрамға және тілдік басымдылыққа сәйкес қандастарды орналастырудың ерекшеліктері жан- жақты ашылған. Бұл жұмыстың толық ғылыми жаңалығы болып табылады.</p> <p>– Арнайы жүргізілген әлеуметтік сауалнамаларға сәйкес қандастардың жергілікті қоғамға кірігу үрдісі және күнделікті жағдайлардағы коммуникациялық стратегиялары анықталған. Бұл толық ғылыми жаңалық.</p> <p>– Облысқа қоныстандырылған қандастар туралы мәліметтерді зерделеу нәтижесінде олардың қоғамға кірігуі және әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестері талданған. Бұл да ғылыми жұмыстың толық ғылыми жаңалығы.</p> <p>– Сауалнамалар мен сұхбаттар арқылы қандастардың әлеуметтік-мәдени бейімделулері мен қоғамға интеграциялануының шарттары айқындалған. Бұл да ғылыми нәтижелердің толық ғылыми жаңалығы.</p> <p>– Шығыс Қазақстанда ұлттық және халықаралық бағдарламаларды іске асыру бойынша, 2009-2016 жылдары облыста Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы аясында Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығының жүргізген жұмыстары алынған нәтижелерге сәйкес талданған. Бұл да алғаш рет ғылыми айналымға енгізілген жаңалық.</p> <p>– Зерттеуде қандас жастардың әлеуметтік-мәдени бейімделу мәселелері және оларды шешу жолдары айқындалған. Мұны да толық ғылыми жаңалық деп тануға болады.</p>

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қағидаттары зерттеудің мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен сипатталады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Технологиялық шешімдер толығымен жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысының қорытынды бөлімінде келтірілген ұсыныстарды Шығыс Қазақстан өңірі тәжірибеісіне сәйкес көші-қон, репатриация үдерісіне қатысты мемлекеттік бағдарламаларды дайындау барысында қолдануға болады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеудің қорытындылары ғылыми тұрғыдан негізделген.</p> <ul style="list-style-type: none"> – Қазақстан Республикасының репатриациялау саясатының мақсаты мен міндеттері көрсетіліп, көші-қон заңдарының іске асырылуына кезеңдермен тарихи талдау жасалған. – Репатрианттардың тарихи Отанына оралу динамикасын қарастырылып, олардың республика көлемінде ораналасуының сандық және сапалық көрсеткіштері талқыланған. Осыған сәйкес, қандастардың квота арқылы немесе квотадан тыс елге оралуы көрсеткіштері талданған. – Шығыс Қазақстанның кейбір өзге ұлт өкілдері немесе орыс тілді қазақтар басым орналасқан өңірлеріндегі ерекшеліктерді ескере отырып, қандастарды қоныстандыру көрсетілген. Осыған сәйкес ұсыныстар жасалынған. – Көші-қон үрдісінің толассыз жүруіне байланысты аймақтарға қоныстандырылған қандастардың күнделікті тарихын зерттеу өзекті. Осыған сәйкес қандастардың күнделікті өмірінің мәселелері және олардың бейімделу үдерістері ауызша тарихтың әдістемесіне сәйкес сауалнама жүргізу арқылы анықталған. – Елге келген қандастар туралы ақпарат зерделеніп, репатрианттардың қоғамға кірігуі мен олардың облыстың әлеуметтік-экономикалық

			<p>дамуына қосқан үлестері талданған.</p> <p>– Этникалық репатрианттардың ұқсастықтары мен өзгешеліктерін салыстыра отыра, олардың әлеуметтік-мәдени күнделікті өмірі жан-жақты зерттелген. Сол сияқты репатрианттардың келген елдеріне байланысты айырмашылықтары көрсетілген.</p> <p>– Әлеуметтік-мәдени бейімдеу саласындағы ұлттық және халықаралық бағдарламалар аясында облыста 2009-2015 жылдар аралығында репатрианттардың жаңа ортаға бейімделулеріне және тұрақты табыс табуларына қолдау көрсеткен Біріккен ұлттар ұйымының «Оралмандардың экономикалық және әлеуметтік кірігуін ілгерілету» бағдарламасының атқарылған қызметтеріне талқылау жасалынған. Осы бағдарламаның іске асырылуына және нәтижелеріне талдау жасай отыра бұл бағыттағы тәжірибелерді күнделікті өмірге енгізуге ұсыныстар берілген.</p> <p>– Қандас жастардың әлеуметтік-мәдени бейімделу мәселелері бойынша мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды талдау нәтижесінде өзекті мәселелер және оларды шешу жолдары айқындалған. .</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p>	<p>Бірінші. Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап ұлттық қауіпсіздік және егемендікті қорғау мәселелерін шешуде репатриациялық саясатқа және мемлекеттік бағдарламаларға талдау жұмыстары жүргізілген.</p> <p><u>7.1 шамамен дәлелденді;</u></p> <p><u>7.2 жоқ;</u></p> <p><u>7.3ия;</u></p> <p><u>7.4 кең;</u></p> <p>Екінші. Репатрианттардың тарихи отанына оралу динамикасы және олардың республика көлемінде ораналасуы сандық және сапалық көрсеткіштері тұрғысынан зерттелді. Қайтарымды көші-қон серпіні және «үш ось» тұжырымдамасын ескере отырып, репатрианаттарды қоныстандыру процесі шекара аумақтарының этникалық құрылымын оңтайландыруға мүмкіндік берді.</p> <p><u>7.1 шамамен дәлелденді;</u></p> <p><u>7.2 жоқ;</u></p> <p><u>7.3ия;</u></p>

		<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p><u>7.4 кең;</u></p> <p>Үшінші. Шығыс Қазақстан облысындағы репатрианттардың облыс, аудан бойынша қоныстануы және сандық орналасу көрсеткіштері нақты статистикалық деректер арқылы анықталып ғылыми айналымға енгізілген. Шығыс Қазақстанның кейбір өңірлеріндегі өзге ұлт өкілдері немесе орыс тілді қазақтар басым орналасқан ерекшеліктерін ескере отырып, қандастарды қоныстандыру көрсетілді. Қарастырылған тақырыптың әрбір бөлімі бойынша мұқият, тиянақты жұмыс байқалады. Жұмыстың тақырыбы толық ашылған, қойылған мақсат, міндет орындалған</p> <p><u>7.1 дәлелденді;</u></p> <p><u>7.2 жоқ;</u></p> <p><u>7.3ия;</u></p> <p><u>7.4 кең;</u></p> <p>Төртінші. Шығыс Қазақстандағы этникалық репатрианттардың қабылдаушы қоғамға кірігу үдерістері мен өзара қарым-қатынастары күнделікті жағдайында әлеуметтік сауалнамалар мен жекелеген сұхбаттар арқылы зерттелген. Қолданылған тәжірибелік материалдар сенімді, қорытындылар негізделген, ұсыныстар тәжірибелік маңызға ие.</p> <p><u>7.1 дәлелденді;</u></p> <p><u>7.2 жоқ;</u></p> <p><u>7.3ия;</u></p> <p><u>7.4 кең;</u></p> <p>Бесінші. Этникалық және мәдени жақындық көшіп-қонушы және қабылдаушы қоғамның материалдық мәдениетінің ерекшеліктерін, қоныс аударушылардың қабылдаушы қоғамның ұстанымдары мен мәртебелері жүйесіне құрылымдық интеграциялану проблемасының болуы көрсетілді. Елге келген қандастар туралы ақпарат зерделеніп, репатрианттардың қоғамға кірігуі мен олардың облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестері талданды;</p> <p><u>7.1 дәлелденді;</u></p> <p><u>7.2 жоқ;</u></p> <p><u>7.3ия;</u></p> <p><u>7.4 кең;</u></p> <p>Алтыншы. Шығыс Қазақстандағы репатриант жастардың</p>
--	--	---	---

			<p>әлеуметтік-мәдени бейімделуі мен Қазақстан қоғамы жайындағы көзқарастары мен мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды талдау нәтижелерінің өзекті мәселелері мен оларды шешу жолдары сауалнама жұмыстары арқылы зерттелінген. Қазақстан жайында көзқарастарын анықтау мақсатында Монғол Ұлысының Баян-Өлгей қаласында тұратын қазақ тұрғындары арасында «face to face» әдісімен далалық зерттеу жүргізілген, әрі алынған деректерге әдіснамалық тұжырымдамалар тұрғысынан кешенді зерттеу жасалынғанын көруге болады.</p> <p><u>7.1 дәлелденді;</u> <u>7.2 жоқ;</u> <u>7.3ия;</u> <u>7.4 кең;</u></p> <p>Жетінші. Шығыс Қазақстан облысында ұлттық және халықаралық бағдарламаларды жүзеге асыру тәжірибесі негізінде 2009-2016 жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы аясында Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталығының жүргізген жұмыс нәтижелері мен тәжірибиелік қызметтері ғылыми айналымға енгізіліп, кеңінен талдау жасалынған. Автор жұмысты ғылыми тұрғыда зерттеу барысында репатрианттар мәселесін жетілдіру негізінде бірнеше ұсыныстар да ұсынған.</p> <p><u>7.1 дәлелденді;</u> <u>7.2 жоқ;</u> <u>7.3ия;</u> <u>7.4 кең;</u></p> <p>Сегізінші. Жастардың әлеуметтік-мәдени бейімделу мәселелері бойынша мемлекеттік жастар саясатын іске асыруды талдау нәтижесінде өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары айқындалды. Қандастармен жүргізілген арнайы сауалнама олардың қазіргі әлеуметтік жағдайын жақсартуға деген ынтасы мен бейімделу стратегиясы көрсетіліп, ұсыныстар жасалынған.</p> <p><u>7.1 дәлелденді;</u> <u>7.2 жоқ;</u> <u>7.3ия;</u> <u>7.4 кең;</u></p>
--	--	--	--

			<p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) ия:</u> Зерттеу тақырыбы бойынша 10 ғылыми жұмыс жарияланған, оның ішінде ҚР ҒБМ білім және ғылым саласы бойынша бақылау комитетінің ұсынған баспаларында - 4, Scopus халықаралық деректер базасына енген журналда – 1 мақала, халықаралық конференция материалдары мен тезистерінде 4 мақала және шетелдік конференция материалдарында 1 мақала жарияланған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысында жалпы ғылыми және тарихи әдістеме қолданылған. Зерттеуші диссертация жазу кезінде тарихи үрдістегі құбылыстарды зерттейтін тарихилық қағидасына және ғылыми талдаудың объективтілігіне басты назар аударған. Этникалық репатриация тарихының ғылыми мәселесі пәнаралық тұрғыдан талданған. Тарихи әдіс-тәсілдермен қоса, әлеуметтанулық, генетикалық, тарихи-типологиялық талдау әдістерін қолдану арқылы зерттеу жасаған. Сондай-ақ, проблемалық-хронологиялық, жүйелілік, перспективтілік, статистикалық, салыстырмалық-тарихи тәсілдерді де қолданған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><u>1) ия;</u> 2) жоқ</p>	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері заманауи әдістерді пайдалана отырып алынған. Ғылыми жұмыстағы көп ақпараттар кесте, диаграмма арқылы берілген және деректерді құру, салыстыру сияқты әдістер қолданылған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер</p>	<p>Ия. Теориялық қорытындылар мен ұсыныстар нақты материалдарға, сарапшылардың пікірлеріне және де зерттеу тақырыбына сай жазылған еңбектермен мұрағат құжаттарындағы материалдармен дәлелденген және расталған. Эксперименттік әдістері дәлелденген. Осыған арнайы репатрианттардың күнделікті бейімделу тарихын анықтау мақсатында далалық зерттеулер мен сауалнама жүргізген материалдар кіреді. Алға қойылған әлеуметтік зерттеулер арқылы диссертация тақырыбында</p>

		<p>педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге сандық және сапалық сауалнамалық зерттеулер мен әр түрлі санаттағы репатрианттар арасында еркін сұхбат әдісі қолданылған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Қолданылған әдебиеттердің тізімінде диссертациялық жұмыстың маңызды мәліметтерін растайтын көптеген сенімді деректер мен тиісті ғылыми әдебиеттер қарастырылған. Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатында сақталған құжаттар, Шығыс Қазақстан облысының қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының қорларында сақталған құжаттар. Жұмыстың мазмұны Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің нормативтік-құқықтық актілері мен жарлықтары, ҚР «Халықтың көші-қоны туралы» заңы, Қазақстан Республикасының Президентінің халыққа жолдаулары, заңнамалық актілер негізінде құрылды. Диссертация жазу барысында Дүниежүзі қазақтарының құрылтайының құжаттарымен қатар, Статистика агенттігінің материалдарынан дерек көздері алынды. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасына (БҰҰДБ) сәйкес іске асырылған «Оралмандардың әлеуметтік-экономикалық интеграциясын жүзеге асыру» атты жобалық құжаттарының материалдары қарастырылды. Зерттеу мәселелері бойынша шетелдік және отандық авторлардың зерттеу еңбектеріне сілтемелер берілген. Зерттеу жұмыстары барысында деректік негізде басшылыққа алынып, кеңінен қолданылды. Ғылыми журналдар мен ғылыми-практикалық конференция материалдарындағы жинақтар, бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланған зерттеушілердің мақалалары да сілтеме жасалған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Онда көптеген дереккөздер, мұрағат құжаттары мен ғылыми, мерзімді, заңнамалық және нормативтік, құжаттар тізімі ұсынылған. 194 библиографиялық сипаттамадан тұрады.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;</p>	<p>Ия, диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Шығыс Қазақстандағы репатрианттардың күнделікті өмір тарихы тақырыбында жазылған жұмыс өңірдегі репатриация процесін зерттеуге, оларды бейімдеу мен</p>

		2) жоқ	<p>қоғамға кірігу шараларына қажетті алынған ұсыныстарды репатриация саясатын зерттеуге кеңінен пайдалануға болады. Репатрианттардың Қазақстан қоғамына бейімделуі мен кірігу мәселесін айқындау барысында арнайы сауалнамалар жүргізіліп, алынған қорытындыларға талдау жасалынған. Зерттеу барысында тақырып толықтай ашылған, тарихилық әдіс-тәсілдер талаптарға сай іске асырылған. Диссертациялық зерттеудің барысында пайдаланылған теориялық – методологиялық ұстанымдар мен принциптерді келешекте аталмыш тақырыптағы ғылыми зерттеу жұмыстарында қолдануға болады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу тақырыбында Шығыс Қазақстандағы репатрианттарға қатысты нақты зертеулердің аз екенін ескерсек, зерттеу нәтижесінде жинақталған ақпараттар, мұрағат деректері, тұжырымдар мен ұсыныстар мемлекеттік органдар мен көші-қон қызметіне қатысты орталықтардың қызметін жақсарту мақсатында қолдануға болады. Сонымен қатар, бұл зерттеу белгілі бір аймақтың тарихы мен байланысты болғандықтан, жоғары оқу орындарында тарихшы студенттер мен магистранттарға арнайы өткізілетін «Отандық тарихтың өзекті мәселелері», «Өлкетану» пәндерге әдістемелік кешенін дайындауға, лекция өткізуге пайдалануға болады.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациядағы зерттеулер мен практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты, Шығыс Қазақстан облысының қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының қорларында сақталған құжаттарды пайдалана отырып, зерттеу тақырыбына қатысты деректерді бір жүйеге келтіре отырып кең көлемді зерттеу жүргізгенін көруге болады. Репатрианттардың этникалық ерекшеліктері мен олардың Қазақстан қоғамына бейімделуіндегі күнделікті өмір тарихындағы алынған негізгі материалдар мен ұсыныстар жаңа болып табылады. Олардың өңірде орналасу көрсеткіштері мен әлеуметтік-экономикалық тұрғысында ерекшеліктері ашылып көрсетілген. Репатриант жастардың ортаға кірігуі мен олардың қоғамға кроссмәдени бейімделу ерекшеліктері айқындалған. Әр түрлі санаттағы репатрианттармен жүргізілген арнайы әлеуметтік сауалнамалар мен сұхбаттардан алынған ақпараттардың практикалық маңызы жоғары.</p>

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) <u>орташа</u> ; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ізденушінің диссертациялық жұмысы жан-жақты талданып, талаптарға сай орындалған. Диссертацияның жазу және ресімдеу сапасы орташа деңгейде жазылған. Жұмыстың ішкі бірлігі бар және ғылыми нәтижелері жинақталған. Автор тарапынан қорғауға ұсынылған барлық тұжырымдар ізденушінің жеке зерттеулеріне негізделген. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді. Диссертация жұмысына айтылған ескертпелер М.С. Карибаевтың диссертациясының құндылығын төмендетпейді, кеңес беру ретінде ұсынылады.
-----	---------------------------	--	---

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:

Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің қоғамдық пәндер кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы



Г.М. Мендикулова

Г.М. Мендикулова

ДҰРЫС	
HR қызметінің бас менеджері	
МАМАНЫ <i>Г.М.</i>	
Күні « _____ »	20 <u>21</u> ж.